

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті төрағасының
20_ жылғы “_____” _____
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық
Лактофильтрум®**

Саудалық атауы
Лактофильтрум®

Халықаралық патенттелмеген атауы
Жоқ

Дәрілік түрі
Таблеткалар

Құрамы

Бір таблетканың құрамында

белсенді заттар: гидролизді лигнин (құрғақ затқа шаққанда) – 355 мг;
лактоулоза (100% затқа шаққанда) - 120 мг;

қосымша заттар: натрий кроскармеллозасы, магний стеараты,
микрочисталды целлюлоза.

Сипаттамасы

Сызығы бар капсула түріндегі екі беті дөңес, ақшыл-сұрғылт теңбілі бар
қара-қоңыр түсті таблеткалар

Фармакотерапиялық тобы

Диареяға қарсы препараттар. Ішек адсорбенттері. Басқа да ішек
адсорбенттері. Біріктірілген препараттар.

АТХ коды А07ВС30

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Лигнин асқазан-ішек жолында сіңбейді, 24 сағат ішінде ішектен
толығымен шығарылады. Лактулоза асқазанда және ішектің жоғарғы
бөлігінде сіңбейді және жіңішке ішектің ферменттерімен
гидролизденбейді, АІЖ төменгі бөлігіне түсіп, пайдалы микрофлоралар
ферменттерімен ыдырауға ұшырайды.

Фармакодинамикасы

Препараттың фармакологиялық әсері құрамына кіретін белсенді
компоненттер - лигнин мен лактулозаның қасиеттеріне байланысты.

Гидролизді лигнин – табиғи энтеросорбент, ол ағаштың құрамдас бөліктерінің гидролиздік өнімдерінен тұрады, олар жоғарғы дәрежеде сіңіргіш әсерге және спецификалық емес уытсыздандыратын әсерге ие. Ішекте патогендік бактериялармен, бактериялық токсиндермен дәрілік препараттармен, ауыр металдардың тұздарымен, алкогольмен, аллергиялармен, сондай-ақ зат алмасуының кейіп өнімдерінің шамадан тыс бөлігімен, оның ішінде билирубин, холестерин, гистамин, серотонин, мочеви́на, эндогендік токсикоздың пайда болуына жауап беретін басқадай метаболиттермен байланысып, оларды организмнен шығарады. Уытты емес.

Лактулоза - синтетикалық дисахарид, оның молекуласы галактоза мен фруктозаның қалдықтарынан тұрады. Таблеткалардан жуан ішекте бөлініп шығатын Лактулоза ішекте бифидобактериялар мен лактобациллалардың өсуін көтермелей отырып, сол арқылы субстрат ретінде ішектің қалыпты микрофлорасымен ферменттеледі. Жуан ішекте лактулозаның гидролизденуінің салдарынан органикалық қышқылдар - сүт, сірке және құмырсқа қышқылдары түзіледі, олар патогенді микроорганизмдердің өсуін төмендетіп, соның салдарынан құрамында азот бар уытты заттардың өнімін азайтады. Осы айтылған үдеріс жуан ішекте осмостық қысымның ұлғаюына әкеліп, перистальтиканы жандандырады. Препараттың кешенді әсері жуан ішектегі микробиоценозді қалпына келтіруге және эндогенді уыттылық жағдайдың қарқындылығын төмендетуге бағытталған.

Бактериялық вагинозды (қынаптық дисбиозды) кешенді емдеуде препаратты қолдану емнің тиімділігінің жоғарылауына, оған қоса қынапта лактобациллдың санының артуына, сондай-ақ шартты-патогенді флораның өсуінің тиімді бәсеңдеуіне әкеледі.

Қолданылуы

- антибиотикпен емдеу салдарынан болған ішек дисбактериозында
- Кешенді ем құрамында:*
- ішектің тітіркену синдромында
- жедел және созылмалы гепатитте және бауыр циррозында
- аллергиялық ауруларда (атопиялық дерматитте, есекжемде)
- қынап дисбиозы

Қолдану тәсілі және дозалары

Ішке, 6 жасқа дейінгі балаларға – алдын ала ұнтақтап және тазартылған 50 мл суда еріту керек. Ересектерге және бір жасынан бастап балаларға – тамақтануға және басқадай дәрілік заттарды қабылдауға дейін бір сағат бұрын:

Ішек дисбактериозы кезінде:

- ересектерге және 12 жастан үлкен балаларға — күніне 2 - 3 таблеткадан 3 рет,
- 8-ден 12 жасқа дейінгі балаларға – күніне 1-2 таблеткадан 3 рет,
- 3-тен 7 жасқа дейінгі балаларға – күніне 1 таблеткадан 3 рет,
- 1 жастан 3 жасқа дейінгі балаларға - күніне 1/2 таблеткадан 3 рет.

Бактериялық вагиноз кезінде (қынаптық дисбиозда):

Күніне 2 таблеткадан 3 рет.

Емдеу курсының орташа ұзақтығы - 2 - 3 апта.

Препаратты ұзақ уақыт бойы қолдану және емдеу курсын қайталау тек дәрігердің ұсынысы бойынша жүргізілуі керек.

Жағымсыз әсерлері

Болауы мүмкін

- аллергиялық реакциялар (тері бөртпесі, есекжем)

Сирек

- метеоризм, диарея

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препарат компоненттерін жеке көтере алмаушылық

- ішек бітелісі

- асқазан-ішектен қан кету

- галактоземия

- асқазан және 12 елі ішек ойық жара ауруының асқынуы

- ішек атониясы

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Кейбір ішке қабылданатын препараттарды бір мезгілде қолданғанда, олардың емдік әсері төмендеуі мүмкін.

Айрықша нұсқаулар

Препараттың бөліп қабылданатын ережесін сақтай отырып басқадай дәрілік препараттармен біріктіріп кешенді ем түрінде қолдануға болады.

Жүктілік және лактация кезеңі

Жүктілік және лактация кезеңінде пайдалануға қатысты мәліметтер жоқ.

Автомобильді немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Белгісіз

Артық дозалануы

Симптомдары: іш қатуы, іштің ауыруы

Емі: препаратты тоқтату керек.

Шығарылу түрі және қаптамасы

Поливинилхлоридті үлбірден және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамада 10 немесе 15 таблеткадан.

10 таблетка үшін 3 немесе 6 пішінді ұяшықты қаптама, 15 таблетка үшін 2 немесе 4 пішінді ұяшықты қаптама медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картоннан жасалған қорапшаға салынған.

Сақтау шарттары

Ылғал және, жарықтан қорғалған жерде, 30°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін препаратты пайдалануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші

«АВВА РУС» АҚ, Ресей

610044, Киров қ-сы, Луганская к-сі, 53а үй

Тіркеу куәлігінің иесі

«АВВА РУС» АҚ, Ресей

Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері

«AVVA Kazakhstan» ЖШС, Қазақстан Республикасы

050057, Алматы қ-сы, Бұхар Жырау к-сі, 66/120 үй, 101-2 кеңсе

Тел. 8 (727) 274-11-17.

e-mail: info@avva-rus.ru